

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Американдық қиыншылықтар  
(б.з.д. 900 – б.з. 900 жж.)





## Кіріспе

Мезоамерикадағы көтеріліп, қайта құлаған орталықтандырылған мемлекеттер көбінесе географиялық жағынан кіші болған. Біз оларды қала-мемлекеттер, яғни монархтар мен аристократтық элиталар маңындағы ауылшаруашылық жерлерін басқаратын ғибадатхана мен азаматтық орталықтар деп санай аламыз.

Олар Эгей теңізіндегі ежелгі грек қалаларының ауқымымен іспеттес болды. Мезоамерикада бұл заңдылыққа келмейтін, қала мемлекет ретінде басталған. Бірақ кейінірек бұл аймақтың басым бөлігін басқаруға келген Теотиуакан монархиясын атауға болады. Бұл процесс барысында ол өзінің мәдениетін кеңінен таратса керек. Теотиуакан егемен мемлекет ретінде шамамен б.з.д. 200 ж. – б.з. 750 ж. дейін Ежелгі Рим сияқты қала мемлекеттен империяға дейін көтеріліп, өмірі шамамен 950 жылға созылған.

Ежелгі Майя негізінен көптеген мезоамерикалық тілдерде сөйлейтін адамдар ретінде сипатталады. Ең кең таралған тіл, бүгінгі уақытта белгілі отызға жуық майя тілдерінің бірінің бастаушысы Юкатекан болды. Б.з. бірінші мыңжылдығында классикалық Майя тілі Афроеуразияда санскрит, грек және латын тілдері сияқты аристократтар мен басқа да сауатты тұлғалар арасында діни, саяси және интеллектуалды қарым-қатынас ортасы ретінде пайда болды.

## Мезоамерикадағы басты мемлекеттер, б.з.д. 500 – б.з. 800 жылдар

Майя жазу жүйесі көптеген идеялар мен тәжірибелерді үйлестіріп, әсіресе, оның ақсүйектік және діни таптарын ғимараттар, өнер, әдебиет және рәсімдерін ерекше мәдени стильмен байытты. Алайда бұл стиль ешбір Майя мемлекетімен бір уақытта болған емес. Б.з. 200–800 жж. арасын ғалымдар «Майя өркениетінің классикалық кезеңі» деп атайды. Бұл кезеңде елуден астам тәуелсіз қала-мемлекеттер территория мен ресурстар үшін таласқа түсті.

Бұл мемлекеттер өзіндік ерекшеліктерімен гүлденіп, ыдырап кетті, олардың мөлшері, байлығы мен өмір ұзақтығын қоныстарынан білуге болады. Бұл қоныстану алқаптары әрқайсысы өз храмдары және басқа да азаматтық ғимараттарымен қамтамасыз етілген қалалық аудандарға бөлінді. VI ғасырдың басында орталықтың шамамен 24 мың халқы бар еді.

Оның алдындағы ғасырларда Шығанақ Олмектерін арнайы әзірленген аулаларда дәстүрлі доп ойындарын өткізу дәстүрін бастаған. Теотиуакандарда доп ойнына арналған аулалары анықталмаған еді. Бірақ Монте-Албан ең ертесінің бірі болып табылады. Бұл екі жағынан сыланған қабырғалармен қапталған қызыл түсті тікбұрышты аула болатын.

## Құдайлар қаласы

Оқулық авторлары Құдайлар қаласы деп атау берген Теотиуакан осыдан 2200 жыл бұрын Мексико аңғарының бұрышында, таулармен қоршалған үлкен тау жоталары мен 16 мың футқа көтерілген белсенді жанартаулар алқабын алып жатқан шағын қала болды. Қазір үлкен Мехико қаласы мен оның жиырма екі миллионнан астам тұрғынына қоныс болып табылатын ежелгі алқап, жұмсақ климат, бірнеше ірі көлдер және құнарлы вулкандық топыраққа ие аумақ болып табылады.

Шамамен б.з. 250 ж. кейін құрылысшылар қаланың орталық бөлігіндегі қарапайым жер үйлерді құлатып, олардың орнына екі мыңнан астам әртүрлі көлемді тұзу төбелі пәтер кешендерін салды. Қаланың көптеген тұрғындары, негізінен, осы вулканикалық тас, қиыршық тас, саз және ерітіндіден жасалған жақсы жобаланған пәтерлерде өмір сүрген.

Мезоамериканың басқа бөліктерінде пайда болған материалдық заттар мен көркемдік стильдер шетелдіктердің, яғни саудагерлердің, коммерциялық агенттердің немесе иммигранттардың өмір сүргенін көрсетеді. Мысалы, археологтардың бұл аудандарда қыш ыдыстың,



вулкан шынысынан жасалған құралдардың және архитектуралық нысандардың табуы, бұл жерден Майя аймағынан оңтүстік-шығысқа қарай жүздеген шақырым жерден шыққан адамдар өмір сүргенін айтады.

Оқулық авторлары тікелей дәлелдер болмаса да, әкімшілер, клерктер және полиция қызметкерлері ретінде жұмыс істейтін шенеуніктердің табының болғанын жоққа шығармайды. Теотиуакан қалалық үкіметі туралы өте аз білетін болсақ та, элиталық азшылық, әскери офицерлер мен діни мамандар мемлекеттік қызметшілерді бақылап отырғаны түсінікті. Себебі мұндай керемет қаланы мыңдаған қызметкерлерді жұмылдырмайынша салып біту мүмкін емес еді.

Қалада тұратын тұрғындардың үйлері өздері тұратын әлеуметтік мәртебесіне сай болды. «Цитадель» деп аталатын құрылым, әр жағынан ұзындығы 1,300 футты құрайтын ғимараттар кешені болды.

Қала, ең алдымен, Мезоамериканың көп бөлігіне енген діни идеялардың орталығы болды деп көрсетеді авторлар. Белгілі құдайларға тән қасиеттер мен функциялар бір қоғамнан екіншісіне қарай өзгеріп отырса да, олардың арасында ең күштісі – Теотиуакандағы кеңінен тараған «дауыл» құдайы (немесе «жаңбыр» құдайы). Оның ата-бабасы олмектер бұрынғы уақытта ғибадат еткен бейнесі – жартылай адам, жартылай ягуар болды.

Басқа да Теотиуакан құдайларының бірі – Кетцалькоатль немесе қанатты жыланмен оранған әйел құдайы болды, ол кейде Ұлы Әйел Құдай деп аталды. Теотиуакан билеушілері мен діни қызметкерлері үлкен ауқымда адам құрбандығын атқарғаны туралы археологиялық дәлелдемелер жоқ. Бірақ мұның орын алу мүмкіншілігі бар. Мысалы, «Кетцалькоатль» пирамидасындағы қазба жұмыстары барысында 200-ге жуық жас жігіттің көмілгені анықталды.

## Теотиуакан қоғамы

Б.з. 150 ж. шамасында Теотиуакан Мексиканың алқабынан тысқары жерде саяси әсерді кеңейте бастады. Бұл әсер елді мекендерде нақты қандай әсерге ұласқанын анықтап білу қиын. Себебі тарихи деректер негізінен материалдық артефакттармен шектеледі.

**Теотиуакан.** Ай пирамидасынан ашылатын қала көрінісі. «Өлілер даңғылы» – оңтүстікке қарай созылған. Қаладағы ең биік құрылыс – Күн пирамидасы сол жақта орналасқан.

Теотиуакан әскерлері өздерінің көршілерінің көпшілігін жаулап немесе кем дегенде қорқытып отырды, сол уақыттағы римдіктер сияқты, кейбір топтарды тікелей немесе басқа жергілікті басқарушылар арқылы билігін жүргізіп отырды.

Алайда сол дәуірдегі Афроеуразиялық империялардан айырмашылығы – Мезоамерика мемлекеттерінің үлкен көлік жануарлары немесе ат әскері болмады. Үлкен әскерлерді ұзақ қашықтыққа жылжыту және астана мен гарнизон арасындағы байланысты қамтамасыз ету тыл жұмысшыларының жүгіру жылдамдығына байланысты болды. Бұл римдіктер, парсылар немесе хан қытайларының масштабындағы тікелей империялық билікпен салыстырғанда шектеулі болғанын байқауға болады.

Дегенмен археологиялық жәдігерлер Теотиуакан жауынгерлерінің жүздеген миль қашықтықтағы қалалардың істеріне араласқанын көрсетеді. Бір мысал ретінде Мексика аңғарынан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 650 шақырым жердегі Гуатемала таулы жеріндегі салтанатты орталық – Каминальхуй.

Каминальхуйдың қираған жерлері Теотиуакан суару өрістері арқылы қалалар мен ғибадатханалардың орналасуына әсерін анықтады. Қайталанған суреттер кейбір суретшілердің қарапайым адамдардың қабырғаларын безендіруге мүмкіндік беретін құралдарды қолдануға негізделген жаппай шығарылатын өнердің болғандығын дәлелдейді.

Кейбір қабырғаларда кескіндемедегі тұлғалардың аттарын немесе лауазымын көрсететін белгілер немесе глифтер болды. Осы глифтерді талқылауға бағытталған ғылыми зерттеулер жалғасуда, бірақ, әлі күнге дейін нақты мағынасы табылмаған.



## Теотиуакандағы қабырға суреті

Тепантитла қабырғаларын безендірген фрескалар, ұлы қаладағы тұрғын үй кешені. Бұл кейбір ғалымдар Ұлы Құдайға теңестіретін әйел құдай бейнеленген үлкенірек қабырға суретінің бір бөлігі ғана. Суреттегі шағын фигуралар күнделікті шаруаларымен айналысып жүрген сияқты.

Археологтар Теотиуаканнан шыққан сәнді бұйымдарға толы қабірлерді тауып, олардың бір-бірімен тұрақты байланыста болғанын дәлелдеді. Теотиуаканның алыстағы мемлекеттермен байланыс құруының екінші мысалы, Юкатан түбіндегі ең ірі қалалардың бірі – Тикал (Мутал)-мен қарым-қатынасы. Б.з. 378 ж. Теотиуаканның сарбаздары Тикалдың Майя билеушісін биліктен кетуге мәжбүр етті. Олар оның атын глиф «Ширатылған мұрын» деп атайтын адаммен ауыстырды. Кейіннен Тикал Теотиуаканның отары болмаса да, одақтасы болғандықтан қуатты қала-мемлекетке айналды.

Біз Теотиуаканның кеңеюі неге үш жарым ғасырға созылғанын білмейміз, бірақ егер оның халқы 150 мыңға жеткен болса, онда азық-түлік, тоқыма талшығы, тас және сәнді бұйымдарға деген сұраныс жергілікті ресурстардан асып түскенін байқауға болады. Қаладаға тауарлар ағынын ешқашан тоқтатамауына көз жеткізу қажеттілігі агрессивті сыртқы саясатты ынталандыруы мүмкін. Себебі бұл тауарлардың кейбіреулері бағынышты қалалар мен ауылдардан алым-салық ретінде келіп отырды.

Үздіксіз қалааралық қарым-қатынас Теотиуаканнан шығатын байланыс желісінің өсуін талап етті. Бұл сауда және алым-салық желісі солтүстіктегі құрғақ жерлерге қарағанда, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тығыз қоныстанған елді мекендеріне қарай көбірек тарады.

Заманауи ғалымдардың Теотиуакан Дәлізі деп атаған ең үлкен бағыт Мексика аңғарын Олмек және Майя аңғары аймақтарымен байланыстырды. Бұл жерден саудагерлер какао бұршақтарын, тұз, бал, тропикалық құс қанаттарын, керамика мен жасанды заттарды әкелді. Басқа саудагерлер Теотиуаканнан керемет жасыл вулкандық шыныдан жасалған пышақтарды, саз фигуралар мен керамикалық бұйымдарды тасыды. Теотиуаканның Каминальхуйуді Гватемаланың Тынық мұхиты жағалауы бойында фермерлердің какаоны өсіріп, таратуын бақылау үшін басып алуы да мүмкін.

Құрақ қанты Америкада 1492 жылға дейін белгісіз болса да, Мезоамерикандар какаоға су, бал, чили және басқа да дәмдеуіштерді араластырып, шоколадты сусындарды ритуалдарда қолданды.

## Оахака алқабындағы Сапотек өркениеті

Оқулық авторлары Майя тарихын Оахаканың сыртқы байланыстарынан бастауды жөн көреді. Көркемөнер, сәулет құрылыстары және күнделікті тауарлардың материалдық дәлелі Сапотектер үлкен Мезоамерикадағы сауда-саттық және мәдениет алмасуға қатысқанын көрсетеді.

Б.з.д. екінші мыңжылдықта, вулкан шынысынан жасалған кескіштер мен Олмек тектес басқа да объектілер Оахака аңғарына жетті; керісінше, Оахакада өндірілген темірден жасалған айналар шығанақтың жағасында пайда болды. Сапотектер Теотиуакандармен және басқа Мезоамерикандық халықтармен, соның ішінде «дауыл» тәңірі, «жүгері» құдайы және Кетцалькоатль сияқты құдайлармен бөлісті. Осы ғасырлар барысында Теотиуакан империялық кеңеюі кезінде Оахакаға шабуыл жасағандығы туралы ешқандай дәлел жоқ.

Шын мәнінде, шамамен б.з. 300 жж Оахака тұрғындары Теотиуакаға қоныс аударып, қалалардың маңайына қоныстанып, арналардың күрделі суару желілерін салған. Бүгінгі күні көріп отырған туристік фотосуреттер жабайы өсімдіктер арасындағы Майя храмдарының қашықтағы ну орман ішіндегі қорғандарына ұқсауы мүмкін. Шын мәнінде, осы құрылымдардың көбісі азық-түлік өсірумен айналысатын тығыз қоныстанған қалалар болатын.

Авторлардың билеушілер, аристократтар және ритуалдар туралы келтірген дәлелдемелерінен не байқай аламыз? Оахака аңғарындағы Майя қалаларының әлеуметтік-саяси таптарының құрылымы Теотиуакан иерархиясына және сол дәуірдің көптеген Афроеуразиялық мемлекеттеріне ұқсас болғанын көреміз.



Қоғамдық жиналыстардың басында ақсүйектер отбасыларының аз бөлігі тұрды. Олар басқа топтарға қарағанда үлкен байлық, мәртебе және беделге ие болды және азаматтық тәртіпті сақтап, саяси-экономикалық шешімдерді қабылдады. Басқа Мезоамерикалық орталықтардағыдай, Майя элитасы және олардың қызметшілері тұрғын үй кешендерін монополияландырды.

Кейбір мемлекеттерде, сонымен қатар, храмдардың діни қызметкерлері, бай саудагерлер, жоғары білікті жұмысшы тап және элиталық класстың жұмысшыларын қамтитын екінші сатылы тап та бар еді. Қаңқа сүйектерін зерттеу нәтижесінде, қарапайым адамдарға қарағанда барлық элиталық отбасыларының мүшелері ұзағырақ және салауатты өмір сүретіндігін көрсетеді.

Афроеуразиядағы монархтар сияқты, Майя билеушілері өз халқының қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету, көрші мемлекеттермен келіссөздер жүргізу және құдайларға осы мақсаттарға қол жеткізу үшін үнемі жүгіну міндеттерін қойды. Майя билеуші әулеті монахтардың қайтыс болғаннан кейін таққа көтерілу құқығы үшін бауырлары, балалары немесе басқа да туыстары арасында қанды бәсекелестікке жол бермей, примогендікті қолданды.

Кейбір қала-мемлекеттік әулеттер бірнеше ұрпаққа созылды. Бірақ билеуші соғыста жеңілсе немесе бүлікшінің шарттарына баруға мәжбүр болса, биліктен күрт шеттетілді. Майя монархтарының көпшілігі ер адамдар болғанымен, ежелгі жазулардың деректері бойынша әйелдердің кейде билікке жетуіне немесе бала-патша үшін уақытша әрекет ете алатынын көрсетеді.

Билеушілер және оларға қызмет еткендер мен діни қызметкерлер ғалам мен оның үш тірегінің үйлесімділігін сақтау үшін салттық дұға арқылы үнемі күш салды. Саяси билік адамдарға қоғамдық бағынбау тек азаматтық жазаға ғана емес, одан да қатыгез, құдайлардың қаһарына қауіп төнетіндерін түсіндірді. Керісінше, су тасқыны, құрғақшылық, әскери жеңіліске ұшырау немесе басқа да әлеуметтік бақытсыздықтар билеуші өзінің салттық міндеттерін орындамай, ғарыштық күштерді иеліктен шығаруы мүмкін екенін білдірді. Қытайлық Аспан Мандат принципіне ұқсайтын Майя идеологиясы мұндай билеушіге қарсы көтеріліс ұйымдастыруды қолдады.

Жерорта теңізіндегі ежелгі Грецияда болғандай, Майя қала-мемлекеттері де саяси және әскери бірлестіктерге қосылып, өзгеріп жатқан жағдайларға байланысты қалыптастырылып, қайта құрылған. Кейбір кезеңдерде, әсіресе, қуатты мемлекеттер, мысалы, Тикал және Калакмуль, аймақтық одақтастық блоктарды қалыптастырып, әлсіз көршілерді саяси тәуелділікке мәжбүрледі.

Кейбір мемлекеттер бүлінгенге дейін бірнеше жүз жыл тұрса, басқалары ұзағырақ созылды. Тикал саяси төңкерістер мен құлдырауды бастан өткерсе де, сегіз ғасыр бойы саяси аренада болды.

## Майя жерінің жүрегіндегі егіншілер мен қалалар

Оқулық авторларының тағы бір ерекше қарастыратын мәселесі – фермерлер мен Майя жүрегіндегі қалалар. Ежелгі Майя тілінде сөйлейтін аймақ кең таралған үш географиялық аймақты: алыс оңтүстіктегі Тынық мұхит жағалауы жазығы, белсенді және сөнген вулкандар мен солтүстік Гватемала, Белиздің және Юкатан түбегінің аңғарларын қамтитын ішкі аралдардың кең таралған жерлерін қамтыды.

Майя өз қалаларының көп бөлігін тау шатқалында құрды, онда топырақ монолитті әктас тақтасында орналасқан табиғи тропикалық орман болды. Себебі, сәуір мен қазан айлар арасында солтүстік жартысынан гөрі оңтүстік бөлігінде көбірек жаңбыр жауатын.

Фермерлер аймақты шамамен б.з.д. 1100 ж. игере бастады. Бұл культиваторлар ауылдарды салып, керамикалық бұйымдарды жасап, жүгері, бұршақ, маниок, авокадо және басқа да жемістер бір-бірінің жанында өсіретін «милпас» фермаларын тұрғызды. Дала халқының саны өсіп, үлкен қалалық ғимараттар шамамен б.з.д. 500 ж. салына бастады. Маридор – Гватемаланың Мексикамен солтүстік шегарасына жақын жердегі қала, б.з.д. 150 ж. ең ірі қалалардың бірі ретінде өсті. Келесі сегіз жүз жылда Тикал мен Калакмуль халық саны әрқайсысында 50 мың адамға жетті.



Халық саны өскен сайын, су экологиясы аса маңызды болды. Фермерлерге қарашадан наурызға дейінгі құрғақ маусымда су алатын жер немесе оны сақтайтын жер табуға тура келді. Жазғы жаңбырлар әрдайым түспегендіктен, созылған құрғақшылық циклдарынан құтылу немесе болатынын алдын ала білу мүмкін болмады.

Усумасинта өзені оңтүстік аңғарымен Мексиканың шығанағына қарай алты жүз миль қашықтықта ағады, бірақ аймақтың өзендері аз. Төменгі аймақтағы батпақтар, көлдер және акваториядағы табиғи су ішу немесе тіпті суаруға қолдануға тым тұзды болғандықтан мүмкін емес болды.

Осы қиындықтарға қарамастан, ежелгі фермерлер ақылдылықпен инновацияларды қолдануға тырысты. Олар жаңбырлы маусымда су жинауға арналған цистерналарды қазып, суды жинауға және бағыттауға арналған арналарды жасады. Артық суды ағызатын арналарды қазып алып, қазып шығарылған жерлерді каналдың жан-жағын қаптауға пайдаланды. Тік жартастарда суды ұстап, эрозияны болдырмау үшін тастарды қолданып текшелер салды.

Оқулық авторлары Майя халқын өте қарапайым деп сипаттайды. Фермерлер, қолөнершілер мен жұмысшылар Майя мемлекеті халқының басым бөлігін құрап, олардың көпшілігі қаланың салтанатты орталығының маңайында тұратын. Халық қарапайым тіректер, үйінділер, шатырлар, кейде сыланған қабырғалардан тұратын үйлерде тұрды. Бұл үйлер үш ұрпақтың отбасыларын қамтыды. Үй шаруашылығы «ас үй бақшасынан» тұрып, отбасы мүшелері, көбінесе, әйелдер ұнды ұнтақтау, мақта матасын жасау, күнделікті керамика жасаумен айналысты. Қарапайым халық тамақ пен тоқыма бұйымдарын екі тәңірге құрбандыққа шалды. Ең құрметті құрбандыққа шалынушылар – жоғары деңгейлі соғыс тұтқындары, тіпті, жеңілген патшалар да болды.

## Қорытынды

Б.з. V ғасырдың аяғында, Теотиуаканның оңтүстік Мезоамерикадағы коммерциялық және мәдени әсері құлдырағаннан бастап, шамамен 650 жж шабуылдаушылар қаланы қиратып, Өлгендер Даңғылындағы үлкен храмдар мен пирамидаларды өртелінгені америкалық қиыншылық кезеңінің бастауы болды.

Осы уақытқа дейін гүлденген Теотиуаканның соншалықты әлсіреп, өз-өзін тиімді қорғай алмайтын халге келгені әрине үлкен сұрақ туғызады. Көптеген ғалымдардың қаланың құлдырауына бірнеше мықты күштердің ықпал еткенімен оқулық авторлары келіседі.

Мұның бір себебі – билеуші класс барған сайын қатал болуы халықтың наразылығын тудырып, қаланың ішіндегі бүлікке алып келді. Екіншіден, Теотиуаканның Мезоамериканың саудасын ынталандыруы басқа қалалардың өркендеуі мен күш-жігерін асуына әкеліп, кейінірек олар өзінің бұрынғы басшыларына құрмет көрсетуден бас тартып, тіпті, оған шабуыл жасады.

Ал енді Майя мемлекеті туралы алдымен, еуропалықтардың Америкаға келгеніне дейін мұнда майялар, ацтектер, инктер, ольмектер, тольтектер сияқты үндіс тайпалары өмір сүргенін назарда ұстауымыз керек. Олар осы күнге дейін өз бойына бірегей құпия мен жұмбақ жасырған мәдениет жасады. Майялар өркениеті VI–VIII ғ.ғ. өз дамуының шырқау шыңына жеткен. Олардың өмірі жайында Паленке, Копан, Тикаль, Чичен-Ица сияқты белгілі қалалардың археологиялық қазбалары арқылы көп мәліметтерді әлі де болса ғылыми айналымға салу еш артықтық етпейді.